

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Министерство просвещения Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ
АТТЕСТАТТАУДАН ӨТУІ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРОХОЖДЕНИЮ АТТЕСТАЦИИ ПЕДАГОГАМИ
ОРГАНИЗАЦИИ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Астана – 2023

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 20 наурыздағы № 1 хаттама).

Рекомендовано к изданию Научно-методическим советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 1 от 20 марта 2023 года)

Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің аттестаттаудан өтуі бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана қаласы: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 96 б.

Методические рекомендации по прохождению аттестации педагогами организации среднего образования – город Астана: Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2023. – 96 стр.

Әдістемелік ұсынымдамада орта білім беру ұйымдары педагогтерінің аттестаттаудан табысты өтуі үшін практикалық кеңестер берілген. Бұл әдістемелік ұсынымдамада педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына енгізілген өзгерістер туралы, аттестаттаудан өткізу тәртібі мен кезендері, біліктілік санаттарына қойылатын талаптар, қажетті құжаттар тізбесі сипатталған. Әдістемелік ұсынымдама мектеп әкімшілігіне, педагогтер мен әдіскерлерге, сондай-ақ білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

В методических рекомендациях даны практические предложения и советы успешного прохождения аттестации педагогами организаций среднего образования, описаны изменения в правилах и условиях проведения аттестации педагогов, прописаны порядок и этапы проведения аттестации, требования к квалификационным категориям, представлен перечень необходимых документов.

Методические рекомендации адресованы администрации школы, педагогам и методистам, а также специалистам управлений и отделов образования.

© БІ. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2023
©Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2023

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ПББ – педагогтердің білімін бағалау;

РОӘК - Республикалық оқу-әдістемелік кеңес;

ОӘК - оқу-әдістемелік кешендер;

ОӘҚ - оқу-әдістемелік құралдар;

Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі.

ГЛОССАРИЙ

Аттестатталушы – аттестаттаудан өтетін және біліктілік санатын алуға (растауға) үміткер адам;

Аттестаттау – педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша біліктілік санаттары беріледі (расталады);

Аттестаттау комиссиясы – педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін уәкілетті алқалы орган;

Аттестаттау кезең – күнтізбелік жылдағы (қаңтар-мамыр, тамыз-желтоқсан) уақыт аралығы, оның барысында аттестатталушы біліктілік бағалаудан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді, осы Қағидаларға сәйкес Педагогтің білімін бағалауды тапсыруға өтініш береді;

Апелляция – педагогтің сұранысы бойынша ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі;

Апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссия - педагогтердің білімін бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайтын білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия;

Біліктілік санаты – «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5750 болып тіркелген) бекітілген біліктілік талаптарына немесе кәсіптік стандартқа («Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы) (бұдан әрі кәсіптік стандарт) сәйкес келетін педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі;

Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау – аттестатталушы жетістіктерінің біліктілік талаптарының деңгейіне сәйкестігін бағалау рәсімі;

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен немесе өтініш жасамай жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық

емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

Педагог – тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және педагогтің білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі кәсіби қызметін жүзеге асыратын тұлға;

Педагогтердің білімін бағалау – білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тест бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;

Педагогтің цифрлық профилі – Ұлттық білім беру деректер қоры ақпараттық жүйесіне жүктелген педагогтің электронды деректері.

Педагог портфолиосы – педагогтің білім беру қызметіндегі жеке және кәсіби жетістіктері, оқушыларының оқуы мен тәрбиесі және дамуының нәтижелері, педагогтің белгілі бір уақыт аралығындағы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі ұсынылған жеке папкасы (электронды парақша).

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда аттестаттау рәсімі педагогтердің біліктілігі мен кәсіби дағдыларын, ұзақ жылдық қызмет нәтижесін бағалаудың тиімді құралы. Аттестаттау рәсімі мектептерді сапалы кадрлармен қамтамасыз етуге, білім беру сапасын арттыруға және педагогтерді үздіксіз білім алуға ынталандыруға, оларға материалдық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда педагогтерді аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес **бес жылда кемінде бір рет өткізіледі**. Аттестаттаудан өткізу қағидаларының біліктілік санатына қойылатын талаптарына сәйкес келген жағдайда, **педагогтерге мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге болады**.

Педагогтерді аттестаттау қағидалары мен шарттары педагогикалық қоғамның сұранысы мен білім беру жүйесінің дамуына сәйкес жетілдіріліп отырылады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы бойынша, педагогтерді мен білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы 2016 жылғы 27 қаңтарда шыққан № 83 бұйрыққа өзгерістер енгізілді. Осыған байланысты педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын түсіндіру және әдістемелік көмек көрсету мақсатында осы әдістемелік ұсынымдама әзірленді.

Бұл әдістемелік ұсынымдаманың бірінші бөлімінде педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына енгізілген өзгерістер сипатталған. Бұл бөлімде аттестаттаудан өткізу тәртібі мен кезеңдері, біліктілік санаттарына қойылатын талаптар, қажетті құжаттар тізбесі туралы мәліметтер берілген.

Екінші бөлімде аттестаттаудан табысты өткен педагогтердің тәжірибелері ұсынылған. Бұл бөлімде еліміздің «Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздары аттестаттауға табысты дайындалу тәжірибелерімен бөліседі және педагогтерді жиі мазалайтын сұрақтарға жауап беру жолымен педагогтерге кеңес береді.

Әдістемелік ұсынымдаманың үшінші бөлімінде педагогтерге аттестаттаудан табысты өтуге қажетті ұсынымдар мен практикалық кеңестер берілген. Жалпы, осы тарауда берілген ақпарат аттестаттауға сапалы дайындалуға және табысты өтуге көмектеседі.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының педагогтерін аттестаттаудың қағидалары мен шарттары, тәртібі, педагогтердің аттестаттаудан өткен тәжірибелері, практикалық кеңестер т. б. мәселелер қарастырылған және оларға әдістемелік көмек көрсету контекстінде өзекті. Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне және білім жүйесінде қызмет ететін мамандарға арналады. Сонымен қатар, білім жүйесіндегі құрылымдарда қызмет ететін мамандарға, жалпы орта білім саласы мен педагогикалық қызметке қызығушылық танытатын көпшілікке танымдық тұрғыдан пайдалы.

I БӨЛІМ. ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУДІҢ ЖАҢА ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Қазақстанда педагогтер мен білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес жүргізіледі (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығымен өзгертілген*).


Аттестаттау дегеніміз – педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижесі бойынша педагогтерге біліктілік санаттары беріледі немесе расталады. Біліктілік санатын бір сатыға жоғары көтеру арқылы педагогтердің жалақысына 30-дан 50%-ға дейін үстемеақы қосылады. Сонымен қатар, педагогтерге мансаптық өсу жолында біліктілік санатын көтеру міндетті шарттардың бірі болып табылады.

Елімізде педагогтерге біліктілік санаттарын берудің (растаудың) бірнеше тәртібі бар:

- 1) Кезекті біліктілік санаттарын беру (растау) (*кемінде 5 жылда 1 рет*);
- 2) Мерзімінен бұрын беру (растау), егер өтініш білдірген біліктілік санатының талаптарына сәйкес келген жағдайда (*2 жылдан кейін*);
- 3) Оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санатын беру (растау) тәртібі.

Педагогтерге біліктілік санаттарын берудің (растаудың) барлық тәртібі келесі кезеңдерден тұрады (1-сурет).

1-сурет. Педагогтер үшін аттестаттау рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды:



* техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер бойынша оқытушыларын қоспағанда

Бірінші кезең педагогтердің біліктілігін бағалаудан басталады. Педагогтердің біліктілігін бағалауды **білім беру ұйымы жүргізеді**. Білім беру ұйымы аттестатталатын педагогтердің құжаттарын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын **негізгі талаптар тізбесінде белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін қарайды (1-кесте)**. Аттестатталатын педагогтердің құжаттары ақпараттық жүйеде толтырылады (ақпараттық жүйе болмаған жағдайда электрондық немесе қағаз форматында беріледі) және оның нәтижелері бойынша сәйкес құжаттарды дәлелді қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама немесе қолхат беріледі.

Министрлік/Білім басқармасы/Білім бөлімі/білім беру ұйымы арқылы:	Ұлттық білім беру деректер қорының ақпараттық жүйесі бойынша:	«Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ	Egov.kz электрондық үкімет веб-порталы арқылы:
1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) білімі туралы диплом; 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 5) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат.	1) өтініш.	1) өтініш; 2) білімі туралы диплом; 3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 4) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат.	1) өтініш; 2) білімі туралы диплом; 3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 4) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат.

1-кесте. Аттестациядан өту үшін қажетті құжаттар тізбесі

Бұл ретте аттестаттаудан өту үшін тиісті деңгейдегі **аттестаттау комиссиясы ақпараттық жүйе бойынша мынадай деректерді сұратады:**

- 1) біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты болған адамдар үшін);
- 2) кәсіби жетістіктерін растайтын құжаттар;


3) «педагог-зерттеуші» немесе «педагог-шебер» біліктілік санатына-тәжірибені жинақтау;

4) сабақтарды талдау, әріптестердің, басшының орынбасарларының, басшының, әдіскерлердің, ата-аналардың пікірлері;

5) педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларының 31-қосымшасына сәйкес педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді;

6) педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларымен бекітілген бағалау өлшем шарттарынан туындайтын құжаттар.

Педагогтер аттестаттаудан өту үшін өтініштері мен құжаттарын келесі ұйымдар немесе ақпараттық жүйелер арқылы ұсына алады:



Бұдан әрі педагогтердің өтініштері (құжаттар топтамасымен бірге) Мемлекеттік корпорация немесе ақпараттық жүйе арқылы немесе портал арқылы Министрлікке, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Білім басқармаларына, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдеріне жіберіледі. Өтініштің үлгісі әдістемелік ұсынымдаманың № 1 қосымшасында берілген.

Білім беру саласының уәкілетті органдарында, өңірлердегі білім беруді басқару органдарында, білім беру ұйымдарында педагогтерді аттестаттау үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшысының бұйрығымен біліктілік санаттары үшін **аттестаттау комиссиялары** құрылады (2-кесте). Мысалы, «педагог-тағылымдамашы» немесе «педагог» біліктілік санаты үшін білім беру ұйымы деңгейінде, «педагог-модератор» біліктілік санаты үшін аудандық, облыстық маңызы бар қалалық білім бөлімі деңгейінде құрылған аттестаттау комиссиясы педагогтердің өтініштерін қарастырады. Біліктілік санат деңгейі бойынша құрылатын аттестаттау комиссиялардың тізбесі 2-кестеге берілген.

Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссия педагогтердің құжаттарын **жылына екі рет** (тиісінше ағымдағы жылғы 5 мамырға және 5 қарашаға

дейін) немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде қарайды. Уәкілетті орган дегеніміз ҚР Оқу-ағарту министрлігі болып табылады.

№	Аттестаттау комиссиясы құрылады	Біліктілік санаттары
1	Білім беру ұйымы	«педагог-тағылымдамашы», «педагог»;
2	Аудандық, облыстық маңызы бар қалалық білім бөлімі, білім беру саласындағы уәкілетті органдар <i>(Республикалық мектептер үшін)</i>	«педагог-модератор»
3	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Білім басқармаларында, білім беру саласындағы уәкілетті органдар <i>(Республикалық мектептер үшін)</i>	«педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші»
4	Білім беру саласындағы уәкілетті орган <i>(ҚР Оқу-ағарту министрлігі)</i>	«педагог-шебер» «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» <i>(тиісті саланың уәкілетті органының бағынысты білім беру ұйымдары үшін)</i>

2-кесте. Біліктілік санаттары үшін құрылатын аттестаттау комиссиялары

Педагогтің өтініші негізінде (қолданыстағы санат мерзімі өткенге дейін) және білім беру ұйымында біліктілік бағалаудан кейін (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады) педагогтер үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау жүргізіледі. Бұл кезеңде педагогтердің портфолиосы бағаланады. Аттестаттау комиссиясы педагогтердің портфолиосын әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша құрылған Сараптама кеңесінің қарауына жібереді. Сараптама кеңесі аудан/қала, облыс, республика деңгейінде өңірлердегі әдістемелік орталықтардың (кабинеттердің) базасында құрылады. Республикалық мектептер мен «педагог-шебер» біліктілік санаты үшін Сараптама кеңесі **Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жанынан құрылады.** Сараптама кеңестің құрамы білім беру ұйымдарында кемінде 10 жыл еңбек өтілі, «педагог-зерттеуші» немесе «педагог-шебер» біліктілік санаттары бар педагогтер, біліктілікті арттыру ұйымдарының, қамқоршылық кеңестердің, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, жұмыс берушілердің өкілдерінен құрылады.

Сараптама кеңесі педагогтер мен білім алушылардың жетістіктерін, сабақтарды бақылау парақтарын және педагогтердің, басшының

орынбасарларының, басшының, әдіскерлердің, ата-аналардың пікірлерін т.б. ескере отырып, педагогтердің портфолиосын бағалау өлшемшарттарына сәйкес біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын қарайды және бағалайды (2 қосымша). Педагогтің портфолиосын бағалау өлшемшарттары әдістемелік ұсынымдаманың № 2 қосымшасында берілген.

Сараптама кеңесі аттестатталушының қатысуымен (онлайн немесе офлайн форматта) портфолионы бағалау нәтижесі бойынша кері байланыс береді. Аттестатталушының қатысуымен портфолионы қарау 30 минуттан аспайды.

Сараптама кеңесі педагогтердің портфолиосын бағалау парақтарын және білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде (осы жылдың 5 маусымына және 5 желтоқсанына дейін) немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде Комиссияға немесе әрбір педагогтің цифрлық профиліндегі ақпараттық жүйеге әрбір педагог бойынша өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестік/сәйкессіздік туралы, бір деңгейге төмен сәйкестік туралы қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудың қорытындылары бойынша ұсынымдар жібереді.

! Педагогтерді аттестаттау қағидаларына енгізілген өзгерістердің бірі портфолио талаптарға сәйкес келмеген жағдайда педагог келесі кезеңге – ПББ өтпейді.

Әрбір педагог бойынша Сараптама кеңесінің берген ұсынымдары бойынша аттестаттау комиссиясы педагогтердің портфолиосын қарайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген бір деңгейге төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 3) «педагог» біліктілік санатына сәйкес келеді (өтініш берілген біліктілік санаты сәйкес келмеген кезде);
- 4) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы соңғы шешімді аттестаттау комиссиясы қабылдайды.

«Өтініш берілген біліктілік санатына аттестаттаудан өтпеген» деген шешім қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде Комиссияның барлық мүшелері қол қойған шешімнің негіздемесімен бірге аттестатталған адамның электрондық поштасына немесе педагогтің цифрлық профиліне жазбаша хабарлама жібереді.

Аттестаттаудан өткен педагогтердің тізімі аттестаттауды өткізген мемлекеттік органның немесе білім беру ұйымының Интернет-ресурсында немесе ақпараттық жүйеде жарияланады.

ПЕДАГОГТЕРГЕ КЕЗЕКТІ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ (РАСТАУ) ТӘРТІБІ

Қазақстанда педагогтерді аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес бес жылда кемінде бір рет өткізіледі. Осы бөлімде педагогтерді кезекті біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібі сипатталған.

№	«Педагог-тағылымдамашы»	«Педагог»
1	тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен адамдар;	тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен адамдар;
2	педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскен адамдар;	«педагог-тағылымдамашы» санатына қойылатын талаптарға сәйкес келеді
3	сондай-ақ, білім беру ұйымдарында педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына орналасуға конкурс жарияланғанға дейін соңғы бес жыл ішінде педагогикалық (оқытушылық) қызметті жүзеге асырмаған	тиісті бейін бойынша кемінде 1 жыл педагогикалық өтілі бар адамдар
4	Ұлттық біліктілік тестілеуінен табысты өткен адамдар	

3-кесте. Біліктілік санатына қойылатын талаптар

«Педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына сәйкес педагог кәсібіне кіріспе бағдарламасы аяқталғанға дейін **бір оқу жылына** беріледі (3-кесте).

Педагог кәсібіне кіріспе бағдарламасы аяқталғаннан кейін педагог-тағылымдамашы қызмет нәтижелері туралы есеп дайындайды, сабақтарды көрсетеді, талдайды, Lesson Study сабаққа зерттеу жүргізеді, Action Research әдісін қолданады. Педагог-тәлімгер бағдарлама нәтижелері бойынша педагог-тағылымдамашыға ұсыныс дайындайды.

Педагог кәсібіне кіріспе бағдарламаны аяқтау және педагог-тәлімгердің оң ұсынымы қорытындысы бойынша білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі педагог-тағылымдамашыға «педагог» біліктілік санатын беру туралы шешім шығарады. Біліктілік санатын бергеннен кейін педагогпен бір күнтізбелік жылға еңбек шарты жасалады. Кейінгі еңбек қатынастары еңбек заңнамасы шеңберінде ресімделеді.

«Педагог» біліктілік санатына:

- педагогикалық лауазымдағы жұмысын қайта бастаған (тиісті бейін бойынша жалпы педагогикалық өтілі 1 жылдан кем емес 5 жылдан аспайтын педагогикалық лауазымға қайта бастау мерзімі) және біліктілік санаты жоқ;

- білім беру ұйымдарына білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беру басқармасы органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан, жоғары оқу орындарынан ауысқан;

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мамандығы бойынша оқуда (тағылымдамада) болған;

- тиісті бейін бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген;

- тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен, білім беру ұйымдарына педагог ретінде 2022 жылғы 1 қаңтарды қоса алғандағы мерзімде қабылданған, біліктілік санаты жоқ адамдар;

- қосымша білім беру жүйесінде 5 және одан да көп жыл кәсіби өтілі бар адамдар.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және бейіні бойынша кемінде 2 жыл өндірістік өтілі бар өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына алғаш рет педагогикалық қызметке кіріскен педагогтер Ұлттық біліктілік тестілеуінен өтпестен «педагог» біліктілік санатын алады.

«Педагог» санатына үміткер педагогтер № 338 бұйрыққа немесе кәсіптік стандартқа сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келуі және мынадай кәсіптік құзыреттерге сәйкес келуі тиіс (3-кесте):

✓ оқу пәнінің, оқу-тәрбие процесінің, оқыту және бағалау әдістемесінің мазмұнын біледі;

✓ білім алушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және ұйымдастырады;

✓ білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді;

✓ білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады;

✓ білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асырады;


✓ кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгерген, цифрлық білім беру ресурстарын қолданады;

✓ сабақты зерттеу жүргізеді, оның ішінде Lesson Study, Action Research әдісін қолданады;

✓ «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына сәйкес педагогикалық этиканың негізгі нормаларын сақтайды.


Әдістемелік ұсынымдаманың № 2-5 суреттерінде «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттарына қойылатын талаптар ұсынылған.

Келесі суретте «педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын талаптар көрсетілген.



2-сурет. «Педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын талаптар

Келесі суретте «педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын талаптар көрсетілген.



3-сурет. «Педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын талаптар

Келесі суретте «педагог- зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын талаптар көрсетілген.

«ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ»	<p>«Педагог-сарапшы» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді</p> <p>тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар</p> <p>кемінде 5 жыл педагогикалық өтілі бар</p> <p>сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгерген;</p> <p>білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;</p> <p>облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды;*</p> <p>кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;</p> <p>уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;</p> <p>«Үздік педагог» атағының иегері, қатысушысы немесе жүлдегері (бар болған жағдайда) болып табылады;</p> <p>ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), облыстың деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта конструктивті даму стратегиясын айқындайды, тәлімгерлікті жүзеге асырады (бар болған жағдайда);</p> <p>«Сарапшылардың электрондық базасына» құрамына кіреді (болған жағдайда);</p> <p>интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;</p> <p>аудан/қала/облыс деңгейінде сабақтарды көрсетеді, өткізілген сабақтарына педагогтер мен әдіскерлердің оң пікірлерінің бар болуы;</p> <p>Сабақты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади (Action Research) әкшн рисёрч әдісін қолданады;</p> <p>сабақтар рефлексиясын жүргізеді, басқа мұғалімдердің сабақтарын талдайды;</p> <p>аудандық/қалалық/облыстық және (немесе) республикалық деңгейлерде (бар болған жағдайда) педагогтер үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;</p>
----------------------------	--

**республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін*

4-сурет. «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын талаптар

Келесі суретте «педагог-шебер» біліктілік санатына қойылатын талаптар көрсетілген.

«ПЕДАГОГ-ШЕБЕР»	«педагог-зерттеуші» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді
	тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар
	кемінде 6 жыл педагогикалық өтілі бар
	білім беру ұйымдарында іске асырылған және Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА жанындағы РОӘК мақұлданған үздік педагогикалық практикалар мен әзірлемелерді енгізеді немесе бағдарламаларды әзірлейді,
	білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады,
	немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша тренер болып табылады;
	республикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады
	немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындады;
	«Үздік педагог» атағының иегері, қатысушысы немесе жүлдегері (бар болған жағдайда) болып табылады;
	интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;
	тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлайды (болған жағдайда);
	«Сарапшылардың электрондық базасына» құрамына кіреді (болған жағдайда);
	республика деңгейінде тәжірибе таратады, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған семинарларды, конференцияларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;
сабақты зерттеу жүргізеді, оның ішінде Lesson Study, Action Research әдісін қолданады;	
өз шешімдері мен іс-әрекеттерін басқаруды, түзетуді және бағалауды біледі;	
облыстық/республикалық деңгейлерде сабақтарды көрсетеді, сабақтар рефлексиясын жүргізеді, өткізген сабақтарына педагогтер мен әдіскерлердің оң пікірлерінің бар болуы;	
педагогтерге арналған республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлердегі семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысады (бар болған жағдайда).	

5-сурет. «Педагог-шебер» біліктілік санатына қойылатын талаптар
Біліктілік санаты педагогтердің өтініші негізінде 1 жылдан
аспайтын мерзімге келесі жағдайларда ұзартылады:

1	2	3
<ul style="list-style-type: none">• «Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде;	<ul style="list-style-type: none">• жүктілікке және босануы бойынша демалыстан немесе бала үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күтуге арналған демалыстан немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін демалыстан шыққаннан кейін;	<ul style="list-style-type: none">• білім беру ұйымдарына білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруі басқармалары органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан ауысқан жағдайда.

Педагогтер біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін аттестатау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады немесе ақпараттық жүйедегі педагогтің цифрлық профиліне жүктейді:

1) біліктілік санаттарының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш (еркін нысан);

2) біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзартудың негізділігін растайтын құжат.


Педагогтер **1 жылдан кейін** біліктілік талаптарына сәйкес келетін санатқа **ПББ тапсырады**. Педагогтердің осы санаты үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау кезеңін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы **ПББ тапсырған сәттен бастап 1 жыл өткен соң жүргізеді**. Бұл ретте педагогтің осы кезеңде қолда бар біліктілік санаты сақталады.



Жасы бойынша зейнетақыға дейін 4 жылдан аспайтын педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Қолда бар біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер аттестаттау рәсімінен жалпы негіздерде өтеді.

Мынадай санаттағы педагогтердің біліктілік санаттары жаңа формат бойынша келесі біліктілік санаттарына теңестіріледі:



Қазақстан Республикасының шегінде педагогикалық салада тиісті мамандық бойынша **жаңа жұмыс орнына ауысқан кезде** педагогтердің бар біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

ПЕДАГОГТЕРГЕ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

Педагог мерзімінен бұрын аттестаттауға өтінішті кезекті аттестаттаудан кейін **соңғы 2 жылдан кем емес** қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде береді. Мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде Комиссия «**өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді**» деген шешім қабылдаған жағдайда, қолданыстағы біліктілік санаты оның **қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.**

1. «Педагог-модератор» біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге педагогтер кемінде мынадай 2 талапқа сәйкес болған жағдайда қатысады:


«Педагог-модератор»

Пәнді ағылшын тілінде оқыту құқығымен жоғары оқу орнын бітірген, ағылшын тілін C1 деңгейінен төмен емес (CEFR) шкаласы бойынша) білетіндігін растайтын сертификаты (куәлігі) бар немесе ғылыми-педагогикалық бейіні бойынша «магистр» академиялық дәрежесі берілген дипломы бар адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық/республикалық маңызы бар қала) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;


білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар.

Келесі суретте «педагог-сарапшы» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар көрсетілген. Бұл талаптардың кемінде 4-не сәйкес келетін педагогтер қатыса алады.




6-сурет. «Педагог-сарапшы» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар

Келесі суретте «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар көрсетілген. Бұл талаптардың кемінде **5-не сәйкес келетін педагогтер** қатыса алады (*облыстық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған адамдарды қоспағанда*).



7-сурет. «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар

Келесі суретте «педагог-шебер» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар көрсетілген. Бұл талаптардың кемінде 6-на сәйкес келетін педагогтер қатыса алады.



8-сурет. «Педагог-шебер» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар

ПЕДАГОГТЕРГЕ ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ТӘРТІП БОЙЫНША БІЛІКТІЛІК САНАТЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

Президенттің кадр резервіне кірген тұлғаларға, Nazarbayev University түлектеріне, «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне жұмысқа орналасу кезінде жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін **бес жылдан кешіктірілмей біліктілік санатын беру рәсімінсіз Комиссия шешімімен «педагог-модератор» біліктілік санаты беріледі.** Төменде аталған сертификаттары жоқ шет тілдерінің педагогтері біліктілік санатын беру рәсімінен жалпы негізде өтеді.

1) **Жеке өтініш және сертификат негізінде** шет (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне шет тілін меңгеру деңгейі бойынша **аттестаттау рәсімінен өтпей «педагог-модератор» біліктілік санаты беріледі.** Сертификат төмендегі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

Ағылшын тілі	<ul style="list-style-type: none">• IELTS – 6,5 балл• TOEFL (iBT) - 79-84 балл
Француз тілі	<ul style="list-style-type: none">• DELF– B2
Неміс тілі:	<ul style="list-style-type: none">• Goethe Zertifikat - B2

2) **Жеке өтініш және сертификат негізінде** шет (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне шет тілін меңгеру деңгейі бойынша **«педагог-сарапшы» біліктілік санаты бұдан әрі ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін беріледі.** Сертификат төмендегі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

Ағылшын тілі	<ul style="list-style-type: none">• IELTS) – 6,5 балл• TOEFL (iBT) - 85-93 балл
Француз тілі	<ul style="list-style-type: none">• DELF– B2
Неміс тілі:	<ul style="list-style-type: none">• Goethe Zertifikat - B2

3) **Жеке өтініш және сертификат негізінде** шет (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне шет тілін меңгеру деңгейі бойынша **«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты бұдан әрі ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін беріледі.** Сертификат төмендегі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

Ағылшын тілі	<ul style="list-style-type: none"> • IELTS) – 7 балл • TOEFL (iBT) - 94-101 балл • TKT Modules 1-3 (3 модульдің бірі) Band 3-4/4 (4 балл бойынша нәтиже 3-4 балл);
Француз тілі	<ul style="list-style-type: none"> • DELF– C1
Неміс тілі:	<ul style="list-style-type: none"> • Goethe Zertifikat - C1

«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты **Celta, Pass and above сертификаты бар** ағылшын тілі мұғалімдеріне жеке өтініш негізінде аттестаттау рәсімінен өтпей беріледі.

4) **Жеке өтініш және сертификат негізінде** шет (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне шет тілін меңгеру деңгейі бойынша «педагог-шебер» біліктілік санаты бұдан әрі **ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін беріледі.** Сертификат төмендегі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

Ағылшын тілі	<ul style="list-style-type: none"> • IELTS) – 7,5 балл • TOEFL (iBT) - 102-109 балл • TKT Modules 1-3 (3 модульдің бірі) Band 3-4/4 (4 балл бойынша нәтиже 3-4 балл);
Француз тілі	<ul style="list-style-type: none"> • DELF– C1
Неміс тілі:	<ul style="list-style-type: none"> • Goethe Zertifikat - C1

«Педагог-шебер» біліктілік санаты жеке өтініш негізінде аттестаттау рәсімінен өтпей-ақ **Delta, Pass and above сертификаты бар** ағылшын тілі мұғалімдеріне беріледі.

Шет (қытай, түрік, араб және т. б.) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініш және бірінші тіл ретінде сөйлейтін елдерде ресми танылған сертификат негізінде:

B2 деңгейі бойынша «педагог-модератор» біліктілік санаты,


С1 немесе С деңгейі бойынша **«педагог-сарапшы»** біліктілік санаты бұдан әрі ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін беріледі.

Педагогикалық білімі жоқ, бірақ жеке өтініші негізінде ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар адамдарға аттестаттау рәсімінен өтпей-ақ біліктілік санаты беріледі. Сертификат төмендегі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

«педагог-сарапшы»	• TEFL/TESOL
«педагог-зерттеуші»	• CELTA, PASS B and above;
«педагог-шебер»	• CELTA, PASS B and above;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390 «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнаулы бағдарлама)» қаулысымен бекітілген **арнайы бағдарлама бойынша жұмысқа қабылданған педагогтерге жеке өтініш негізінде аттестаттау рәсімінен өтпей-ақ біліктілік санаты беріледі.**

Келесі талаптарға сәйкес келген жағдайда:



Алынған біліктілік санаты Арнайы бағдарлама бойынша жұмыс істеу кезеңіне сақталады. Басқа жұмысқа ауысқан кезде алдыңғы біліктілік санаты беріледі.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі сырттай тапсырылатын емтихандар мен мониторингтердің барлық түрлерін ұйымдастыру және өткізу, сонымен қатар оларға тест тапсырмалары базасын қалыптастыру ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» айналысады (<https://testcenter.kz/>). Педагогтердің білімін бағалау (ПББ) бұл білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тест бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім.

ПББ тапсыру үшін педагог дипломда көрсетілген мамандығы немесе негізгі лауазымы бойынша **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығына** немесе ол белгілеген ұйымға өтініш береді.

ПББ өтуге өтініш берген кезде педагогтер тапсыру тілін (қазақ, орыс), күнін, уақытын таңдайды. Біліктілік тестілеуі электрондық форматта өткізіледі. Өтініштерді қабылдау **онлайн режимде** жүзеге асырылады.

Ерекше жағдайларда (форс-мажорлық жағдайлар) педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі бес жыл өткен кезде аттестаттау комиссиясы оның қолданылу мерзімін күнтізбелік **1 (бір) жылға ұзартады**.

Педагогикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірген, **педагогикалық қызмет өтілі жоқ кандидаттар ПББ табысты өткеннен кейін жұмысқа қабылданады**. Қызмет өтілі жоқ кандидаттар үшін білім беру ұйымында «педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты беріледі.

Төмендегі кестеде ПББ өту шарттары ұсынылған.

Педагогтер үшін	Педагогикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибесі жоқ кандидаттар:
▪ күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) рет – ақысыз;	▪ күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) рет – ақысыз;
▪ күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген педагогтер – ақысыз;	▪ білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары күнтізбелік жылы 4 (төрт) рет – тегін;
▪ сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде.	▪ сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде.

! **Сынақ/ ақылы тестілеу нәтижелері аттестаттаудан өту үшін негіз болып табылмайды.**

Педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, **өтілі жоқ кандидат, оның ішінде педагогикалық қызметті қайта бастағысы келетін адамдар:**

«Пәндік білім» – 30 тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» – 20 тапсырма;

Педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар тәжірибесі жоқ кандидаттар үшін:

«Пәндік білім»: «педагог» біліктілік санаты – 50%;

«Оқыту әдістемесі»: «педагог» біліктілік санаты – 40 %.

Төмендегі кестеде орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған ПББ өту үшін пәндер бойынша максималды балдар және біліктілік тестінен өту балдары көрсетілген.

Орта білім беру ұйымдарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пәндер бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Пәндік білім	30	50%	15
	Оқыту әдістемесі	20	50%	10
Педагог-модератор	Пәндік білім	30	60%	18
	Оқыту әдістемесі	20	60%	12
Педагог-сарапшы	Пәндік білім	30	70%	21
	Оқыту әдістемесі	20	70%	14
Педагог-зерттеуші	Пәндік білім	30	80%	24
	Оқыту әдістемесі	20	80%	16
Педагог-шебер	Пәндік білім	30	90%	27
	Оқыту әдістемесі	20	90%	18

ПББ уақыты:



- «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін – **120 минутты**;
- «Мектепке дейінгі білім беру» бағыты үшін – **80 минутты**;
- «Қосымша білім беру» бағыты үшін – **80 минутты**;
- өзге педагогтер үшін – **90 минутты** құрайды.

ПББ өткізу кезінде тыйым салынған зат немесе ереже бұзушылық анықталған жағдайда педагогке **бес жыл мерзімге аттестаттаудан өтуге рұқсат берілмейді**. Педагогтің біліктілік санаты «педагог» біліктілік санатына дейін төмендетіледі.



ПББ өткізу кезінде жол берілмейді:

<ul style="list-style-type: none">тестілеуді және қауіпсіздік жүйесін пайдалану үшін техниканың қасақана бұзылуы;
<ul style="list-style-type: none">тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өтуге байланысты бұзушылықтар;дәліз бойынша кезекші қызметін атқаратын адамның рұқсатынсыз және қолдауынсыз аудиториядан (компьютерлік сыныптан) шығу;
<ul style="list-style-type: none">аудиториядан (компьютерлік сыныптан) 10 минуттан артық емес және 2 реттен артық емес шығуға, бұл ретте тестіленушілердің денсаулығына байланысты төтенше, форс-мажорлық жағдайларға немесе басқа да негізделген жағдайларға қатысты жағдайларды қоспағанда, тестілеудің бірінші және соңғы сағаттарында шығуға жол берілмейді;
<ul style="list-style-type: none">келіссөздер жүргізу, бір жерден екінші жерге ауысу;жұмыс үшін берілген А4 форматындағы құжаттар мен қағаздармен алмасу.
<ul style="list-style-type: none">Ғимаратқа мынадай тыйым салынған заттарды әкелуіне жол бермеу: мобильді байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Ipad), iPod (iPod), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, ойнатқыштар, модемдер (мобильді маршрутизаторлар), смарт сағаттар, смарт көзілдіріктер, фитнес-білезіктер (трекерлер), диктофон, сымды құлаққаптар, сымсыз, микро құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (Vieychef), UHF (Ueychef), Wi-Fi (Wi-Fi), GPS (Jipies), Bluetooth (Bluetooth), Dect (DECT).
<ul style="list-style-type: none">Тестілеу ғимаратына мынадай заттарды енгізуге жол берілмейді: шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, А4 форматындағы қағаздар және басқа да қағаз форматтары.
<ul style="list-style-type: none">Аудиториядан (компьютерлік сыныптан) тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмыстарды орындау үшін тестіленушіге берілген А4 және басқа да форматтағы қағаздарды шығару.

Тестілеу аяқталғаннан кейін педагог компьютер экранында көрсетілетін тестілеу нәтижелерімен танысады. ПББ өткені туралы сертификат педагогтің жеке кабинетіне жолданады. Апелляция өткізілген жағдайда ПББ өткені туралы сертификат апелляцияны ескере отырып, педагогтің жеке кабинетіне жіберіледі.

Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:	Техникалық себептер бойынша:
<ul style="list-style-type: none">дұрыс жауаптың негіздемесімен келіспеймін;	<ul style="list-style-type: none">тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің

<ul style="list-style-type: none"> ▪ дұрыс жауап жоқ; 	болмауы.
<ul style="list-style-type: none"> ▪ барлық ұсынылған нұсқалардан бір дұрыс жауапты таңдаумен тест тапсырмаларында біреуден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі); 	
<ul style="list-style-type: none"> ▪ тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған. 	

! Бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтер жаңа жүйе бойынша берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді. Біліктілік санатын арттыру кезінде жалпы негізде өтеді.

Педагогтер үшін маңызды!

<p>Ескі жүйе бойынша «бірінші», «жоғары» санаттары бар педагогтер «педагог-модератор» біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді.</p> <p>«Педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді.</p>
<p>Педагог тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңінде біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттау үшін өтінішті уақытылы бермеген жағдайда, біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады.</p>
<p>«Екінші», «бірінші», «жоғары» санаттары бар педагогтер қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезеңінде өтініш берілген санатқа балдар саны жеткіліксіз болған жағдайда, біліктілік санаты оның мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі бір деңгейге төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады.</p>

Эссе жазу тәртібі

Тестілеу аяқталғаннан кейін педагог міндетті аттестаттау кезінде эссе жазады. Негізгі талаптары:

- Жалпы уақыт – 60 минут;
- Сөз саны – 250-300 сөз;
- Эссе тақырыбын жыл сайын ҚР Оқу-ағарту министрлігі айқындайды.

Жазылған эссе мұғалімнің жеке кабинетінде тиісті сілтеме бойынша немесе мұғалімнің профилінде көрсетіледі. Жазбаша эссе біліктілік санатын беруден бас тартуға негіз болып табылмайды.

II БӨЛІМ. ПЕДАГОГТЕРГЕ АТТЕСТАТТАУДАН ТАБЫСТЫ ӨТУГЕ АРНАЛҒАН КЕЙСТАР

Әдістемелік ұсынымдаманың екінші бөлімде аттестаттаудан табысты өткен педагогтердің тәжірибелері (кейстары) ұсынылған. Бұл бөлімде еліміздің республикалық «Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздары, «педагог-шебер» санаты бар білікті педагогтер аттестаттауға табысты дайындалу тәжірибелерімен бөліседі және педагогтерді жиі мазалайтын сұрақтарға жауап беру жолымен педагогтерге кеңес береді.

Жалпы педагогикалық кейс дегеніміз – бұл белгілі бір педагогикалық мәселені немесе педагогтің жұмыс тәжірибесіндегі нақты жағдайдың сипаттамасы. Кейс нақты жағдайларды, болған оқиғалардың егжей-тегжейлі сипаттайды, мәселенің мәнін көрсетеді және олардың тиімділігін бағалай отырып, оны шешу жолдарын қарастырады.

Көбінесе педагогикалық кейстер жоғары оқу орындарында болашақ педагогтерді даярлау немесе біліктілігін арттыру құралы ретінде немесе білім беру ұйымдарында немесе оқыту курстарында, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер өткізу кезінде қолданылады.

Ең бірінші кейс Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Дарынды балаларға арналған С. Сейфуллин атындағы № 11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының химия пәні мұғалімі, «педагог-шебер», республикалық «Үздік педагог-2022» конкурсының жеңімпазы **Казиханова Эльмира Бейсембаевнаның іс-тәжірибесінен ұсынамыз.**

№1 Кейс. Аттестаттаудан қалай табысты өтуге болады?

1. Менің аттестациядан қалай өткенім туралы қысқаша ақпарат

Өз ісінің нағыз маманы атану кім-кімнен де үлкен еңбекті қажет ететіндігі түсінікті. Онымен қоса, нағыз мамандық иесі - еңбекқор, өзіне талап қоя алатын, бойында өз ісіне деген сүйіспеншілік қасиеттері қалыптасқан адам. Бірнеше жылдар қатарынан қолға алған ісінді шығармашылдықпен, үлкен жауапкершілікпен талапқа сай атқарып, кәсіби шеберліктің шыңына жеткенде алға қойған мақсатың орындалғандай қуанышты боласың.

Мен – мұғаліммін... Мұғалім - өскелең ұрпаққа білімнің нәрін, ізгіліктің нұрын себетін қоғамдағы ең жауапкершілігі мол, тұла бойы ізгілікке толы жан дер едім.

Менің мұғалімдік мамандықты таңдауым бала күннен бергі арманым болатын.

Сол арманның жетегінде өмірімді мұғалім болуға, келешек ұрпаққа тәрбие және білім беруге арнадым.

Қазіргі заман талабына сай мұғалім болудың басты критерийі – бала жанын ұғына білу, оқушы бойында тұлғаға тән сенімділікті қалыптастыра отырып, жұмыстану.

Бастысы өзі жұмыс жасайтын мектебі мен білім беретін шәкірттерін ұнатып, адал жұмыстану. Мұғалім бойында болу керек бірқатар жақсы қасиеттер: еңбекқорлық, шығармашылық, талапшылдық, сабырлылық, төзімділік. Осы сияқты оның жеке қасиеттерін кәсіби қасиеттерінен бөліп қарастыруға болмайтыны да түсінікті. Олар: оқыту пәнін терең білу, білімділік, педагогикалық шеберлік, оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін жетік білу, коммуникативтік технологияларды жақсы меңгеру.

Енді өзімнің еңбек жолыма тоқталсам, мен 2018 жылы педагог-зерттеуші

біліктілік санатын қорғадым, кейін 2022 жылы санат қорғау талаптарына сай ұлттық біліктілік тест, одан соң құжаттар жиынтығын тапсырып, біліктілік санатымды мерзімінен бұрын педагог-шеберге дейін жоғарылатқан болатынымын.

Біліктілік санатымды жоғарлату туралы ой маған қайдан келді десек?!...

Ең алдымен, соңғы біліктілік санатын қорғағаннан кейінгі уақыт аралығында менің портфолиома қандай кәсіби жетістіктер бар, біліктілік арттыру курстарынан өттім бе, іс-тәжірибе таратылды ма, қандай нәтижелі жұмыстар жасалды, өзімнің кәсіби сайыстардағы жетістіктерім, оқушыларымның менің сабақ беретін пәнім бойынша жетістіктері бар ма, оқытудағы үлгерім көрсеткіші қандай т.с.с біліктілік көтеруге қажет мәліметтер толық па деп мәліметтерді зерделедім.

Содан соң ғана менің жасаған жұмыстарым осы біліктілік санаттын алуға жеткілікті ме, өзім осы санатты алуға лайықтымын ба деген, одан әрі мен жұмыс жасайтын мектептегі әріптестерім мен әкімшіліктің көзқарастары қандай деген мәселелерді талқыладым. Содан соң ғана біліктілік санатымды мерзімінен бұрын педагог-шеберге көтеру туралы шешім қабылдадым.

2. Мен аттестацияға қалай әзірлендім? Қандай кезеңдерден тұрады?

Менің аттестацияға дайындығым келесі кезеңдерден тұрды:

- Бірінші аттестацияға қатысу мақсатында қандай ресми құжаттарға, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қандай бұйрықтарына сүйену керектігімен, яғни аттестацияға қатысты заңнамалық құжаттарымен таныстым;
- Екінші құжаттарды қабылдау уақытына сәйкес бір жыл бұрын әзірлене бастадым;
- Үшінші портфолионы жинақтауға кірістім;
- Төртінші бір оқу жылы ішінде ашық сабақтарға алдын-ала әзірлендім және мектеп директорының орынбасарымен және тәжірибелі педагогтермен кеңестім;
- Бесінші тестілеуге әзірлендім;
- Алтыншы аттестаттауға өтінішімді бердім.

I кезең: Ұлттық біліктілік тест тапсыру.

Бұл кезеңде, әрине мұғалім өзінің біліктілігіне, өзі сабақ беретін пәнін терең игергендігіне сүйенеді. Өз пәнін терең ұғынған, оқушылармен жұмыс жасауда жинақтаған тәжірибелерін шебер қолдана алатын мұғалім үшін жеңіл болып келеді деп ойлаймын.

ҰБТ құрылымындағы педагогика әдістемесі де оқушымен жұмыстанып, сабақтарында түрлі озық әдіс-тәсілдерді қолданып жүрген мұғалім үшін қиындық туғызбасы анық.

II кезең: Қызмет нәтижелерінің кешенді талдамалық жинағы (портфолио)

Бұл кезеңде, жоғарыда айтылғандай, заңнамалық құжатта берілгендей мазмұнға сүйене отырып, портфолио жинақтадым. Портфолиоға әр бөлім үшін кесте құрып, сол кестеге сәйкесінше сол құжаттың бар екен дәлелдейтін түпнұсқалар салынады.

Педагогтер үшін аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) Біліктілік бағалау

Педагогтердің біліктілігін бағалауды білім беру ұйымдары жүргізеді және құжаттардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін қарауды қамтиды.

2) Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау

Бұл кезеңде педагогтердің портфолиосы қаралады. Портфолионы дайындаған кезде педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 8-

қосымшасындағы педагогінің портфолиосын бағалау өлшемшарттарын басшылыққа алғаны дұрыс. Білім алушылар мен педагогтің жетістіктері ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.08.2022 № 371 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар) сай болғаны дұрыс.

3) ПББ (педагогтердің білімін бағалау) және эссе жазу

Педагогтер біліктілік тестілеуден өтіп, эссе жазады. Біліктілік тестілеуге дайындық үшін төмендегі сілтемелерді ұсынамын:

<https://findhow.org/2504-onlayn-testirovanie-attestatsii-pedagogicheskikh-rabotnikov.html>

https://1-test.kz/nkt_predmet.html

3. Сараптамалық кеңес неге назар аударады?

Сараптамалық кеңес педагогтердің портфолиосын бағалау өлшемшарттарына сәйкес біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын қарайды және бағалайды. Сараптамалық кеңестің жұмысы педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 3-тарауына сәйкес жүргізіледі. Сараптама кеңесі білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде Комиссияға әрбір педагог бойынша өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестік/сәйкессіздік туралы, бір деңгейге төмен сәйкестік туралы қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудың қорытындылары бойынша ұсынымдар жібереді.

4. Педагогтерге қандай кеңес бересіздер?

1-кеңес. Кәсіби өсуіңді 5 жылға жоспарлай біл!

- Біліктілікті арттыру курстарынан өту: пән бойынша, методика бойынша.
 - Мониторинг жүргізу: білім сапасы, ҰБТ қорытындысы, білім алушылардың ЖОО түсуі туралы.
 - Педагогтің кәсіби байқауларға қатынасуы. Білім алушылардың жетістіктері, олимпиадаларға (облыстық, республикалық, халықаралық) қатысуы.
 - Ғылыми әдістемелік қызметі: тәжірибе алмасу мақсатында ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, семинарлар өткізу, дөңгелек үстел, фокус топтардағы жұмысыңыз, әлеуметтік желіде жұмыстар ұйымдастыру т.б..
 - Педагогикалық қоғамдастықтағы белсенділігіңіз, шығармашылық топтардың жетекшісі болуы, модератор, лектор, әділқазылар алқасының, сараптама топтардың мүшесі болуы, волонтерлік қызмет т.б..
 - Бұқаралық ақпарат құралдарда мақалалар жариялау: баяндама, қысқа мерзімді жоспарлардың үлгісі т.б. (облыс, республика көлемінде)
 - YouTube каналында, Instagram парақшаларында өзіңіздің сабақтарыңыз бойынша немесе қашықтан оқытуды қамтамасыз ету үшін бейнесабақтар дайындап жүктесеңіз болады.
 - Авторлық бағдарламалар әзірлеу, тарату (облыс, республика көлемінде)
- Жоғарыда көрсетілген жұмыстар бойынша жұмысыңызды растайтын құжаттарды бір папкада жинақтау (сертификат, диплом көшірмелері, ғылыми-практикалық конференцияларда оқыған баяндамаңыз, қоғамдық жұмыстарда болғандығыңызды растайтын анықтама, бағдарламаларыңыз, басылым беттеріне жарияланған жұмыстарыңыз т.б.).

2-кеңес. Аттестаттаудың заңнамалық құжаттарымен таныс!

3-кеңес. Мақсатты түрде талапқа сай жұмысыңды жүйеле! Анализде!

4-кеңес. Аттестациядан сәтті өтуге психологиялық тұрғыдан дайын бол!

5-кеңес. Педагог портфолиосы - педагогтің кәсіби бейнесі екенін ұмытпа!

Портфолиоға өзіңіздің санат көтеруге өтініш берген мерзіміңізге жататын (бұрынғы санат қорғаған мерзім мен жаңадан қорғайын деп отырған мерзім) құжаттарды ғана салыңыз.

5. Эссе жазу кезінде неге назар аудару керек?

Эссенің дұрыс жазылуы - тақырыптың ашылуына және эссенің ерекшеліктерін түсінуіне байланысты деп ойлаймын. Жазудың негізгі принциптері мен ұсыныстарын ұстанып жазса, эссе қызықты болады. Шынайылық және білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтарды өз іс-тәжірибеңізден мысалдар келтіре, эссе талаптарын орындап жазсаңыз, жұмысыңыз мазмұнды болып шығары сөзсіз.

Эссе жазу тәртібі педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 2-параграфында көрсетілген.

Эссе дегеніміз не?

Ол - еркін композициясы бар шығарма. Берілген тақырып бойынша адамның жеке пікірін, тұжырымдары мен әсерін білдіреді.

Эссенің мақсаты, әдетте, шығармашылық ойлауды дамыту және ойыңызды жазу шеберлігін шыңдау. Ол ойды тұжырымдау, ақпаратты құрылымдау, анықтауға көмектеседі. Тәжірибені суреттеуге және жетілдіруге ықпал етеді.

Эссенің құрылымы неден тұрады

Эссе жазу тәртібі әдетте үш қадамнан тұрады.

Кіріспе бөлім

Кез келген жазбаша жұмыс секілді, эсседе де кіріспе бөлім немесе кіріспе болады.

Жақсы жазылған кіріспе оқырманның қызығушылығын оятып, эссені аяғына дейін оқуға қызықтырады. Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақ, дәйексөз және т.б. болуы мүмкін. Сондықтан, ерекше эмоционалды түрде ойлана отырып, оқырманды қаралатын мәселеге алып келу маңызды.

Негізгі бөлім

Басты бөлімде қарастырылып отырған мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар келтіріп, мәселенің тарихын қозғауға болады.

Әдетте негізгі бөлім әрқайсысында үш бөлім болатын бірнеше тармақшалардан тұрады: тезис (дәлелді пікір), дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дәлелдер) және тұжырым (негізгі мәселеге ішінара жауап). Дәлелдер оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіру үшін айтылған пікірлер болып табылады. Бұл өмірден алынған түрлі жағдайлар, ғалымдардың пікірі, дәлелдемелер және т.б. болуы мүмкін.

6. Құжаттарды қалай жинайды?

Аттестацияға қатысуға қатысты заңнамалық құжатта берілгендей мазмұнға сүйене отырып, портфолио жинақтайсыз. Портфолиода әр бөлім үшін кесте құрып, сол кестеге сәйкесінше сол құжаттың бар екен дәлелдейтін түпнұсқалар салынады.

Портфолиоға өзіңіздің санат көтеруге өтініш берген мерзіміңізге жататын (бұрынғы санат қорғаған мерзім мен жаңадан қорғайын деп отырған мерзім) құжаттарды ғана салыңыз.

Құжаттарды жинақтау бойынша нақты өз тәжірибемен айтар болсам, әр аттестация аралығында жаңа папка бастай отырып, аттестация аралығындағы 5 жылдық жетістігімнің құжаттарын сол папкаға салып жинақтап жүремін. Аттестациядан өтер уақыттан бір-екі жыл алдын ала педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарында көрсетілген талаптар бойынша жүйелеп, анализ жасаймын. Шарттар мен талаптарға сәйкес жетіспей тұрған жерлерін алдағы екі жылда толықтыруға тырысамын.

Екінші кейс Астана қаласы әкімдігінің «Д. Қонаев атындағы № 66 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК математика пәні мұғалімі, «педагог-шебер», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», республикалық «Үздік педагог-2020» конкурсының жеңімпазы **Парманова Сандугаш Куанышбекқызының іс-тәжірибесінен ұсынамыз.**

№2 Кейс. Өз ісінің маманы аттестаттаудан қорықпауы қажет

Мен мұғалім мамандығына саналы түрде, үлкен арманмен, жан қалауымен келген жандардың бірімін. 11-жылдық білім ордасын үздікке тәмамдап, ЖОО грантқа түстім. Ұстаз болу жүрек қалауым, бүгінгі тағдырым. Студенттік өмірден бастап, мен түрлі конференцияларға, олимпиадаларға, байқауларға түрлі сайыстарға үлкен махаббатпен, дайындықпен, ізденіспен қатыстым. Өзім армандаған университетімді «Үздік» дипломмен аяқтадым. Ұстаздық қадамым Шымкент қаласындағы М. Мәметова атындағы №35 орта мектепте басталды. Алғашқы жылдардан бастап, мектепшілік болсын, қалалық болсын, облыстық болсын түрлі жобаларға қатысып, кейбіреуін өзім ұйымдастырып, оқушыларды сайыстарға, олимпиадаларға дайындап, үлкен дайындықпен сабақ беріп, өзімнің кәсіби дамуыма әрқашан жауапкершілікпен қарадым. Еңбек мені шыңдады, үйретті, алға жылжытты. Бірінші бесжылдықта мен 1 категориялы санаттағы мұғалім болдым. Оған шәкірттерімнің қалалық, облыстық жетістіктерімен, өзімнің тынымсыз еңбегімнің табысы негіз болды. Менің азаматтық позициям – жұмысты жай жасамау, махаббатпен жасау, көшбасшы ұстаз болу.

2010 жылы ұстаздық жұмысымды елордада жалғастыруға бел буып, Астанаға көшіп келдім. 2010жылдан бері елордада жұмыс жасап келемін.

Жаңартылған білім беру мазмұны енгеннен кейін аттестациядан өтудің жаңа ережесі шықты. 2018 жылы «педагог-зерттеуші» санатына өз еңбегімнің қаншалықты лайықты екеніне рефлексия жасай отырып, SWOT талдау жасап, ішкі жігерімді оятып, өтініш бердім. Аттестацияның бірінші кезеңі – пән бойынша және педагогика бойынша тест еді. Екі бағытқа да дайындықты күшейтіп, оқып, оқығанымды көңілге тоқып, сапалы нәтиже көрсетіп, екінші кезеңге өттім. Екінші кезең де өте жауапты кезең. Барынды, еңбегінді көрсете алуға да шеберлік керек. Маңдай теріммен жеткен әрбір жеңісімді талап бойынша электронды портфолиоға салып отырып, нәтиженің барын сезіндім, нәтижесінде «педагог-зерттеуші» санаты қанжығама байланды. «Еңбек – бәрін де жеңбек» деген осы болса, керек-ті.

Портфолиодағы болу керек құжаттар: республика, қала көлеміндегі мұғалім жетістігі, оқушы жетістігі, қала, республика көлемінде іс-тәжірибемен бөлісу, семинар, мастер-кластар беру, сабақ беретін сыныптарда білім сапасының жоғары болуы, қоғамдағы мұғалімнің әлеуметтік жұмысы, үлесі, мұғалім миссиясы толық атқарылуы болса, осының бәріне уақыт таптым, адал еңбек еттім.

Портфолиодағы жетістіктердің әр қайсысы - мұғалім еңбегі, майдай тері. Ол мұғалімнің әр күн сайын жасап жүрген үлкен еңбегі. Ұрпаққа өлшеусіз еңбек етіп, білім беріп, оларды зерттеп, қажетін тауып, таланты мен дарынын анықтап, қабілет көзін ашып, заманауи ұрпақтың қабырғасын қалау, бәйге салып, шыңдау, нәтижеге жету – кейде өзінді ұмытуға, көп энергия жұмсауға, табанды болуға, жауапкершілікті артық сезінуге, үздіксіз ізденуге әкеледі.

Талай күндер оқушылармен кешкі уақытқа дейін мектепте қалып, табандылықпен сайыстарға дайындалып, аяусыз тер төгіп, нәтижесінде жақсы жетістіктерге жеткен сәттеріміз көз алдымызда. Оқушы қызығушылығы мен дарындылығын шыңдау - менің басты миссиям, соған мен үлкен құлшыныспен жұмыс жасадым. Ол да бір ерекше рақат

пен бақыт.

Ұстаз ізденуін тоқтатқан күні ұстаздығы да тоқтайды. Маман ретінде ешкімге тоқтауға болмайды. Өзін-өзі кәсіби дамытып, курстарға қатысып, пәндік деңгейін арттыруға жұмыс жасау қашан да маңызды. Үздіксіз түрлі біліктілік курстарынан өте жүріп, заман ағымына сай түрлі ақпараттарды, ғылыми жаңалықтарды оқи жүріп, халықаралық курстардан өте жүріп, нәтижесінде тренерлікке жеттім.

Оқу - ағарту министрлігінің ұйымдастырған түрлі мемлекеттік жобаларға «Онлайн-мектеп», «Үздік ұстаздан үздік тәжірибе», «Жаһандық құзыреттілік», «STEAM-оқыту», «Оқулықтарға сараптамадан жүргізу» белсене қатысып, маман ретінде өз үлесімді қостым.

Бүгінгі таңда «шебер-педагог» деңгейіне жеттім. Ол үшін авторлық жоба жазу маңызды болды. Еткен еңбекті жинақтай отырып, авторлық жазу, із қалдыру ол да бір белес, бір бақыт.

Алға қадам басқан сайын бір кедергі шығып отыруы заңды. Сол кедергіге тайсалмай, ерінбей, үйреніп, білуге ұмтылсаң жеңіске жетерің қаж!

Әрбір белестің артында талай еңбектердің жатқаны анық. Белестің үлкені кішісі болмайды. Сондықтан әрбір маманға белеске шығуда адал еңбек қайырын береді дегенді айтқым келеді.

Жетістікке жетудің 9 шарты:

1) Мақсат қою, толық егжей-текжей ойластырылған, анық мақсат қою. Мақсаттың орындалуын ұйымдастыру, оған жетудің алгоритмін құру. Әр қадамды, әр істі орындап, аяғына дейін нәтижелі жеткізу.

2) Қиын, жаңашыл, стандарт емес деген жұмысты (жобаны) батылдықпен бастау, танып, зерттеп, оқып даму.

3) Жаңашыл білімді үздіксіз оқып-тануға дағдылану, практика жасап, әдетке айналдыру.

4) Қажетті дағдыны қалыптастыруда өзіңе қатаң тәртіп қойып, соған бағыну. Өзіңді тыңдай білу. Әр уақытқа, әрекетіңе бақылау жасау, назарда ұстау.

5) Өзіңе үнемі рефлексия жасау, әрекеттеріңді талдау, баға беру, қорытынды шығару. Даму үшін қателесу керек, қателесіп, мәселе шешіп, осал жеріңді шыңдау.

6) Тайм - менеджмент

7) Тәжірибесі мол, көпті көрген тұлғалардан кеңес алу, үйрену, сабақ алу.

8) Үздіксіз қозғалыста болу, тоқтамау, даму, позитивті оймен, жақсы ниетте болу.

9) Бірінші өзің жасап қана, үлгі болып барып, өзгені үйрету.

Назарда ұста!

1. Мамандығыңа деген жауапкершілік

2. Баланы сүю, оқыту, өсіру, зерттеу, дамыту

3. Өзіңді дамыту, шыңдау

4. Жеке авторлық еңбек жазу, халқыңа пайдалы болу

Жоғарыда ұсынылған педагогтердің кейстарын талдау арқылы, педагогтердің аттестаттаудан табысты өтуі үшін бірінші кезекте мұғалімнің жеке жауапкершілігі мен жүйелі түрде алдын-ала дайындығы, өзің үнемі кәсіби дамыту дағдыларының болуы әсер ететінін байқауға болады.

ІІІ БӨЛІМ. АТТЕСТАТТАУДАН ӨТУГЕ ДАЙЫНДАЛУ БОЙЫНША ӨДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Өдістемелік ұсынымдаманың үшінші бөлімінде педагогтерге аттестаттаудан табысты өтуге қажетті ұсынымдар мен практикалық кеңестер берілген. Бұл тарауда берілген ақпарат аттестаттауға сапалы әзірленуге көмектеседі.

Педагогтерді аттестаттау қағидалары педагогикалық қоғамның сұранысы мен білім беру жүйесінің дамуына сәйкес жетілдіріліп отырады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы бойынша, педагогтерді мен білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы 2016 жылғы 27 қаңтарда шыққан № 83 бұйрыққа өзгерістер енгізді. Осы бұйрыққа енгізілген кейбір өзгерістер мен толықтыруларға тоқталып өтсек.

Бірінші жаңашылдық енді барлық педагогтер аттестацияның бірінші кезеңі - педагогтің портфолиосын бағалау рәсімінен өтеді. Педагогтердің портфолиосы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда педагог келесі кезеңге – ПББ өтпейді. Екінші кезең - барлық педагогтің пән мен оқыту әдістемесін білуге арналған тестілеуден өтеді.

Аттестацияның бірінші кезеңі бойынша негізгі өзгерістер:

1) Педагогтің портфолиосын бағалау өлшемшарттары өзгерді. Негізгі бағалау критерийлері: сабаққа қатысуы және оны талдауы, пікірлер, сабақты зерттеу және инновациялық әдістерді қолдану, педагогикалық тәжірибені жалпылау немесе үздік педагогикалық тәжірибелер мен әзірлемелерді енгізу болып табылады.

2) Сабақтардың бейнежазбалары міндетті болмайды, оның орнына қатысқан сабаққа және lesson study талдау жасалады.

3) Педагогтің кәсіби жетістіктері мен оқушылардың жетістіктеріне келетін болсақ (олимпиадалар мен конкурстар), олимпиадалар мен конкурстардың тізбесі кеңейтіледі.

4) Педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскендер «педагог-тағылымгер» уақытша біліктілігін алып, бір жылға жұмысқа қабылданады, содан кейін оларда мамандыққа бейімделу, ену бағдарламасы басталады. Бұл бағдарлама бойынша жас маманға тәлімгер бекітіліп, оның кәсіби даму бағдарламасы әзірленеді, курстардан өтіп, lesson study жүргізеді және бағдарлама қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес «педагог» санатын беру және шартты ұзарту туралы тиісті шешім қабылдайды.

5) Аттестация мерзімі өзгеріссіз 5 жылда бір рет өткізіледі.

Аттестацияның екінші кезеңі бойынша негізгі өзгерістер:

1) Әдістеме бойынша тестілеу сұрақтарын қамтитын толық тақырыптар мен әдебиеттер тізімі Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында барлығына қолжетімді (<https://testcenter.kz/>).

2) Педагогикалық өтілі 30 жыл және жаңа аттестация жүйесі бойынша санаты бар педагогтер біліктілік тестілеуден босатылады. Олар аттестацияның екінші кезеңінен ғана өтеді, яғни портфолио тапсырады. Бұл ретте егер олар біліктілік санатын көтергісі келсе, онда аттестация жалпы негізде өтеді. Мысалы, 30 жылдық еңбек өтілі бар педагог-сарапшы өз санатын растаса, аттестациядан тек екінші кезеңнен ПББ-сыз өтеді, ал арттырғысы келсе қосымша ПББ тапсырады.

3) Зейнетке шығуына 4 жыл қалған педагогтер де жаңа жүйе бойынша аттестациядан босатылады. Қолда бар біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Ал егер олар қолданыстағы біліктілік санатын, тиісінше алатын үстемақысын арттырғысы келсе, онда аттестация жалпы негізде өтеді.

4) Тестілеуден өту тәртібін бұзған тұлғаларға 5 жылға аттестациядан өтуге тыйым салынады. Педагогтің біліктілік санаты «педагог» біліктілік санатына дейін төмендетіледі.

Жоғарыда педагогтерді аттестаттау қағидаларына енгізілген негізгі өзгерістер сипатталып және оларға түсініктеме берілді. Сонымен қатар, педагогтерді аттестаттауға дайындық кезінде жиі қойылатын сұрақтарды қарастырсақ.

Ең бірінші кезекте педагогтерді авторлық бағдарламаны әзірлеу және оны бекіту бойынша сұрақтар жиі туындайды.



Авторлық бағдарламалар бойынша (*үздік педагогикалық практикалар мен әзірлемелер немесе бағдарламалар*) :

Педагогтерді аттестаттау қағидаларында **«педагог-шебер» біліктілік санатын беру (растау) талаптарының бірі** *«білім беру ұйымдарында іске асырылған және БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған үздік педагогикалық практикалар мен әзірлемелерді енгізеді немесе бағдарламаларды әзірлеген тұлғалар»* деп **көрсетілген**.

Авторлық бағдарлама – бұл педагогтің ұзақ мерзімді интеллектуалдық қызметінің нәтижесі. Педагогтің авторлық бағдарламасы белгілі бір педагогикалық проблемаларды шешуге бағытталады. Мысалы, Пән мұғалімі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және сыныптағы білім сапасын көтеру мақсатында қосымша факультатив немесе элективті курстың бағдарламасын әзірлейді.

Педагогтердің авторлық бағдарламасына тәуелсіз сараптама жүргізу үшін аудандық/облыстық маңызы бар қалалар, облыс және республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде **әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) жанынан Сараптамалық кеңес (СК) құрылады**. Авторлық бағдарламаларға сараптама жүргізу **барлық деңгейде тегін** жүргізіледі.

Бірінші кезеңде педагог белгілі бір педагогикалық мәселені шешу үшін жеке авторлық бағдарламасын әзірлейді немесе жаңартады. Авторлық бағдарламаны білім беру ұйымы деңгейінде әдістемелік кеңес отырыстарында тәжірибелі педагогтар мен әдіскерлермен бірге талқылайды және қарастырады. Әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарлама аудандық немесе қалалық деңгейдегі әдістемелік кабинет жанындағы СК ұсынылады. СК мақұлданған авторлық бағдарлама аудандық/ қалалық деңгейде тарату немесе қайта өңдеу бойынша шешім шығарады.

Екінші кезеңде апробация нәтижесін жетілдіру негізінде авторлық бағдарламаны облыстық/республикалық маңызы бар әдістемелік кабинет (орталық) жанындағы СК ұсынылады. Сараптамалық кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламалар облыс/республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде тарату немесе қайта өңдеу бойынша шешім шығарады. Облыстық әдістемелік орталықтар (кабинеттер) оң қорытынды алған жұмыстарды әрі қарай Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңеске (Сараптамалық кеңес) ұсынады.

Үшінші кезеңде педагогтің авторлық бағдарламасы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы РОӘК СК қарастырылады. СК педагогтің авторлық бағдарламасы бойынша мақұлданды немесе мақұлданбайды деген қорытынды шығарады. СК мақұлданған авторлық бағдарламалар республикалық деңгейде таратылады.

Авторлық бағдарламалар бойынша пайдалы сілтемелер:

- РОӘК жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесімен мына сілтеме бойынша танысуға болады: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/6>
- РОӘК мақұлданған авторлық бағдарламалардың базасы Академияның ресми сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://uba.edu.kz/qaz/innovations>
- Педагогтерге арналған Авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша бейнеролик Bilim 4.0 Youtube каналында қолжетімді: <https://youtu.be/n4hpjwXP2OU>
- «Педагогті әдістемелік сүйемелдеу» тақырыбында әзірленген әдістемелік құралдың екінші бөлімінде педагогтерге авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынамдар берілген: <https://uba.edu.kz/qaz>



Оқулықтар мен ОӘК авторы (тең авторы)

Педагогтерді аттестаттау қағидаларында педагогтердің біліктілік санатын беру (растау) талаптарының бірі *«білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік*

құралдар тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады» деп көрсетілген. Бұл жерде уәкілетті орган дегеніміз ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығында көрсетілген. Мысалы, № 216 бұйрықта 1 сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығының авторлары, шыққан жылы және баспасы туралы мәліметтер көруге болады (1-кесте). Толық тізбемен мына сілтеме арқылы танысуға болады: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

1-кесте

Орта білім беру ұйымдарына арналған 1-11-сыныптарының оқулықтары (қазақ тілінде, 1 сынып)

№	Басылымның атауы	Автор(лар)	Шыққан жылы	Баспа
1	Әліппе. Оқулық+Үнтаспа	Ә. Жұмабаева, Н. Құрман, Б. Сабденова (Үнтаспа: Ә. Жұмабаева, Б. Сабденова)	2021	Атамұра
2	Ана тілі. Оқулық	Уайсова Г., Сәдуақас Г., Бесірова А. С.	2021	Атамұра



Конкурстар мен олимпиадалар бойынша:

Педагогтердің біліктілік санатын беру (растау) талаптарының бірі *«кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындады»* деп көрсетілген. Уәкілетті орган дегеніміз ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Педагогтер мен білім алушыларға арналған барлық конкурстар мен олимпиадалар, жарыстардың тізбесі «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген. Мысалы: ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен педагогтерге арналған іс-шаралардың тізімі көрсетілген (1-кесте). Толық тізбесімен мына сілтеме арқылы танысуға болады: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355>

Сараптамалық кеңес педагогтердің портфолиосын қарау кезінде педагогтердің кәсіби жетістіктері мен оқушылардың марапаттарын № 514 бұйрыққа сәйкес бағалайды.

1-кесте

Педагогтердің шығармашылық шеберлігіне арналған іс-шаралар тізімі:

№	Педагогтерге арналған іс-шаралардың атауы
1	«Үздік жыл психологы» республикалық конкурсы
2	«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсы
3	«Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсы
4	Математика пәні мұғалімдеріне арналған «Математикалық регата» республикалық олимпиадасы
5	«Дарынды балаларға - талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасы
6	Мұғалімдерге арналған пәндер бойынша «ПедСтарт» қашықтық олимпиадасы
7	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» республикалық олимпиадасы

Сонымен қатар, педагогтер мен білім алушылар үшін өткізілетін конкурстар мен олимпиадалар туралы ақпараттар **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ресми сайтында жарияланады** (<https://daryn.kz/kk/sample-page/>).




«Үздік педагог» конкурсы бойынша

Педагогтердің біліктілік санатын беру (растау) талаптарының бірі *«Үздік педагог» атағының иегері, қатысушысы немесе жүлдегері (бар болған жағдайда) болып табылады»* деп көрсетілген.

Елімізде мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне «Үздік педагог» атағын беру қағидасын **ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы айқындайды.**

«Үздік педагог» атағы білім беру ұйымдарының педагогтеріне жыл сайын конкурстық негізде беріледі. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады. «Үздік педагог» атағы бір педагогке он жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

Конкурс жыл сайын үш кезеңде өткізіледі.



«Үздік педагог» атағын беру конкурсының кезеңдерін өткізу тәртібімен толығырақ төмендегі сілтеме арқылы танысуға болады:
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279>



Тәлімгерлік бойынша

Педагогтердің біліктілік санатын беру (растату) талаптарының бірі *«тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлайды (болған жағдайда)»* деп көрсетілген.

Орта білім беру ұйымында кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен педагогке бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп беріледі. **Тәлімгердің кандидатурасы педагогикалық кеңестің отырысында қаралады және педагог жұмысқа қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей орта білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі. Бір педагогке бір тәлімгер бекітіледі.**

Тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар

Орта білім беру ұйымындағы тәлімгер мынадай талаптарға сай болуы қажет:	Шағын жинақты мектептегі тәлімгер мынадай талаптарға сай болуы қажет:
1) «педагог-зерттеуші» не «педагог-шебер» біліктілік санаты; 2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы; 3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім алушылардың білім сапасы кемінде 60% - 70% .	1) «педагог-зерттеуші» не «педагог-шебер» біліктілік санаты; 2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы; 3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім сапасы кемінде 50% - 60%.

Орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті ұйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге талаптар белгілеу тәртібі ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына сәйкес жүргізіледі (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020486>)



«Сарапшылардың электрондық базасы» бойынша:

Педагогтердің біліктілік санатын беру (растау) талаптарының бірі *«Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Сарапшылардың электрондық базасына» сәйкес оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіреді (болған жағдайда)»* деп көрсетілген.

Сарапшылардың электронды базасы дегеніміз - білім беруді басқару органдарының, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың (меншік нысанына, ұйымның типіне және түріне қарамастан) ұсынымдары бойынша қалыптастырылатын, оқыту курстарынан өткен, ғылыми және педагогикалық сараптамаға тарту үшін сертификаты бар ғалымдардың, педагогтердің деректер базасы. **Сарапшылардың электронды базасын ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы жасақтайды.**

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға сараптама жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдардың, білім басқармаларының, жоғары оқу орындарының және ғылыми орталықтардың ұсынымдары негізінде **пәндер және оқыту тілі бойынша сарапшылар базасын жасайды.**

Сарапшылар базасы мынадай талаптар бойынша жасақталады:

Білім беру ұйымының педагогтері:	1) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі;
	2) 10 жылдан кем емес педагогикалық еңбек өтілі;
	3) «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» (немесе жоғары санат) біліктілік санаты;
	5) ғылыми-әдістемелік жарияланымдарының болуы;
	5) өз пәні бойынша аудандық, облыстық (қалалық), республикалық деңгейлердегі олимпиадаларда, конкурстарда, көрмелерде жетістіктері туралы сертификаттарының болуы;
	6) «Үздік педагог» республикалық конкурсының жеңімпаздары.

Сарапшылардың базасы туралы қосымша ақпаратты мына көрсетілген сайттан алуға болады: <https://okulyk-edu.kz/>



Эссе жазу бойынша:

Эссе жазу бұл – педагогтер үшін өз ойларын нақты және тиімді жеткізуді талап етеді әрі шығармашылық қабілеттерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Педагог эссе жазу арқылы өзінің пікірін, ойын, көзқарасын, білімі мен қызығушылығын көрсетеді. Сонымен, эссе жазу дегеніміз – белгілі бір аудиторияға, оқырмандарға қажетті деңгейде әсер ете алу мен тақырыпқа қатысты өз ойын білдіру үшін бірнеше параграфтарды жүйелі негізде қолдану арқылы бір немесе бірнеше идеяны нақты және дәлелді жазбаша түрде жеткізе білу.

Қағидаларда көрсетілген шарттар шеңберінде эссені ықтимал абзацтарға бөлудің үлгісі 2-кестеде берілген. Автордың эссенің негізгі бөлімін 2 немесе одан да көп абзацтарға бөлуі өз ойын дәйектейтін аргументтер санына байланысты екенін айтып өту керек.

2-кесте. Эссенің құрылымдық мазмұны мен элементтерінің көлемі

Композициялық элементі	Көлемі	Мазмұны
Кіріспе (1 абзац)	30-50 сөз	Тақырыптың өзектілігі Автордың ұстанымы/көзқарасы Негізгі бөлімде қарастырылатын ойлар қысқаша беріледі
Негізгі бөлім 1 (2 абзац)	100-110 сөз	1. Абзацтағы негізгі тезисті беру. 2. Негізгі тезис бойынша аргумент. 3. Аргументті негіздейтін дәлел немесе мысал. 4. Дәлелді талдау немесе түсіндіру. 5. Абзацтағы ой бойынша жалпы тұжырым жасау.
Негізгі бөлім 2 (3 абзац)	100-110 сөз	1. Абзацтағы негізгі тезисті беру. 2. Негізгі тезис бойынша аргумент. 3. Аргументті негіздейтін дәлел немесе мысал. 4. Дәлелді талдау немесе түсіндіру. 5. Абзацтағы ой бойынша жалпы тұжырым жасау.
Қорытынды (4 абзац)	20-30 сөз	Негізгі бөлім тезистерін жалпылап соңғы ойды жазу. Жаңа ой жазылмайды
Нәтижесінде	250-300 сөз	

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында «Педагогті әдістемелік сүйемелдеу» тақырыбында әзірленген әдістемелік құралдың үшінші бөлімінде педагогтерге эссе жазу бойынша әдістемелік ұсынамдар берілген: <https://uba.edu.kz/qaz>

Қорытындылай келе, педагогтерге аттестаттауға алдын-ала дайындық жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз. Нағыз педагог қазіргі тез өзгермелі заманда өзің үнемі кәсіби жетілдіріп, шығармашылық ізденіс үстінде болады. Жоғарыда берілген материалдар пен кеңестер педагогтерге аттестаттаудан табысты өтуге септігін тигізеді деп сенеміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның білім беру жүйесінде педагогтерді аттестаттаудан өткізу өзекті мәселелердің бірі. Аттестаттау бұл педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша педагогтерге жаңа біліктілік санаттары беріледі немесе расталады. Қазіргі таңда бұл мектептердегі білім беру сапасын арттыруға және кәсіби деңгейі жоғары педагогикалық кадрлардың құрамын қалыптастыруға арналған маңызды құрал.

Педагогтерді аттестаттау бұл оны ұзақ жылдық педагогикалық қызметінің нәтижесін бағалау ғана емес, сондай-ақ педагогтың алдағы уақытта кәсіби дамуының бағыттарын анықтау үшін аса маңызды ақпарат көзі.

Педагогтің аттестаттаудан табысты өтуі өзінің педагогикалық қызметіне жауапкершілікпен тікелей қарауына байланысты. Аттестаттаудан өтетін және біліктілік санатын алуға (растауға) үміткер тұлға алдын-ала дайындалуы қажет. Себебі күнделікті практикада соңғы жылы аттестаттауға әзірленетін педагогтер кездеседі, әрине бұл аттестаттаудан табысты өту мүмкіндігін төмендетеді және педагогтің кәсіби шаршауына алып келеді.

Бірінші кезекте педагогтер аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын білуі маңызды. Педагог өтініш білдірген біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеріп, жинақтауға қажетті құжаттар тізбесін анықтағаны жөн. Педагог алдына мақсат қойып, аттестаттауға дайындық жоспарын құру арқылы аттестаттау рәсіміне жүйелі әзірленеді және күткен нәтижесіне жетеді.

Аттестаттаудан өтетін педагогтерге мектеп әкімшілігі мен әріптестері тарапынан қолдауы маңызды. Білім басқармалары және білім беру ұйымдары педагогтерге аттестаттау қағидалары мен шарттарын түсіндіру жұмыстарын уақытылы және жүйелі түрде ұйымдастыруы қажет.

Сонымен қатар, педагогтер үшін тәжірибелі әріптестерінен және әдіскерлерден кеңес алу арқылы аттестаттауға сапалы дайындалуға көмек болады. Аттестаттаудан өту педагогтердің өзің үздіксіз жетілдіруге ғана ынталандырмайды және оның материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, белгілі педагог К.Д. Ушинский атап өткендей «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген екен. Қазіргі таңда бұл сөздер өзінің өзектілігін жоймады. Уақыт талабына сай педагогтердің кәсіби деңгейіне де қоғамның сұранысы өзгеруде және оған педагогтер қауымы дайын болуы қажет. Аттестаттау педагогтердің кәсіби өсуіне және шығармашылық дамуына әсер ететін құралдардың бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 2 «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;
- 3 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы;
- 4 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;
- 5 «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығы;
- 6 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы;
- 7 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы;
- 8 Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық кадрларды аттестаттаудан өткізу. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 46 б.
- 9 «Орта білім беру ұйымдарындағы педагог қызметін бағалау құралдарын әзірлеу» әдістемелік нұсқаулық. - Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин, 2022. - 80 б.
- 10 Орта білім беру ұйымдары педагогтерін әдістемелік сүйемелдеу – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 410 б.

Тиісті деңгейдегі аттестаттау
комиссиясының төрағасына

**Аттестаттауға және біліктілік санатын беру (растау)
рәсіміне қатысуға
өтініш**

Мен, _____, ЖСН _____,
(педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда))

(лауазымы, жұмыс орны, электрондық поштасы)

_____ лауазымы (мамандығы) бойынша)

20 ____ жылы _____ біліктілік санатына қатысуға рұқсат
беруіңізді сұраймын.

Бүгінгі таңда ____ (күні) ____ (айы) _____ жылғы дейін жарамды
_____ біліктілік санатына иемін.

Келесі жұмыс нәтижелерін негіз деп санаймын:

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі:

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік)

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) бойынша	Педагогикалық	Осы білім беру ұйымында

Марапаттары, атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы алған (берілген) жылын көрсете отырып

Педагог жұмыс істейтін білім беру ұйымының атауы:

Біліктілік санатын кезекті беруді (растауды) тәртібімен таныстым.

« ____ » _____ 20__ жыл

_____ (ҚОЛЫ)

**Біліктілік санатын беруге (растауға) білім беру ұйымы педагогінің
портфолиосын бағалау өлшемшарттары**

Біліктілік санаты				
Бағалау өлшемшарттары	педагог-модератор	педагог-сарапшы	педагог-зерттеуші	педагог-шебер
Оқыту сапасы	сабақты талдау			
	ағымдағы жылы кемінде 2	ағымдағы жылы кемінде 3	ағымдағы жылы кемінде 3	ағымдағы жылы кемінде 4
Сабақты зерттеу және инновациялық әдістерді қолдану	сабақтың өзара және өзін-өзі талдауының болуы			
	кемінде 3	кемінде 4	кемінде 5	кемінде 6
Сабақты бақылау нәтижелері	әріптестердің, әдіскерлердің, басшылардың, басшының орынбасарларының, ата-аналардың пікірлері			
	кемінде 3	кемінде 4	кемінде 5	кемінде 6
Уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес конкурстарда немесе олимпиадаларда немесе жарыстарда білім алушылардың жетістіктері	Жеңімпаз немесе жүлдегер немесе қатысушы			
	Аудан/қала деңгейі	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Республикалық немесе халықаралық деңгей
Уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес кәсіби конкурстарда немесе олимпиадаларда педагогтің жетістіктері	Жеңімпаз немесе жүлдегер немесе қатысушы			
	Аудан/қала деңгейі (бар болса)	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі (бар болса)	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі (бар болса)	Республикалық немесе халықаралық деңгей (бар болса)
Педагогикалық тәжірибені жалпылау немесе үздік педагогикалық тәжірибелер мен әзірлемелерді енгізу немесе білім беру ұйымдарында іске асырылған әзірленген бағдарламаларды ұсыну	семинарларда, конференцияларда, форумдарда сөз сөйлеу			
	-	-	облыс/қала деңгейінде (сілтемелер) немесе әдістемелік материалдарды әзірлеу (тиісті деңгейдегі оқу-	республика деңгейінде (халықаралық) (сілтемелер) немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңесті мақұлдау

			әдістемелік кеңестің шешімі (білім басқармасы жанынан) ұсынылады	
--	--	--	---	--

**педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің болуы*

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	6
1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізудің жаңа қағидалары мен шарттары.....	7
2. Педагогтерге аттестаттаудан табысты өтуге арналған кейстар.....	30
3. Аттестаттаудан өтуге дайындалу бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	36
Қорытынды.....	45
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	46
Қосымша.....	47

СОКРАЩЕНИЯ И УСЛОВНЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ

РК – Республика Казахстан

ОПК – оценка знаний педагогов

РУМС – Республиканский учебно-методический совет

УМК – учебно-методический комплекс

УМП – учебно-методическое пособие

Уполномоченный орган – Министерство просвещения РК

УО – Управление образования

ГЛОССАРИЙ

Аттестуемый – лицо, проходящее аттестацию и претендующее на присвоение (подтверждение) квалификационной категории;

Аттестация – процедура, проводимая с целью определения уровня квалификации педагогов, по результатам которой присваиваются (подтверждаются) квалификационные категории;

Аттестационная комиссия – коллегиальный орган, уполномоченный проводить процедуру аттестации педагогов (далее - Комиссия);

Аттестационный период – промежуток времени в календарном году (январь-май, август-декабрь), в течение которого аттестуемый проходит квалификационную оценку, комплексное аналитическое обобщение результатов деятельности, подает заявление на сдачу Оценку знаний педагога;

Апелляция – процедура пересмотра результатов оценки знаний педагогов, которая осуществляется по запросу педагога посредством информационных коммуникационных технологий;

Республиканская комиссия по рассмотрению (далее –комиссия по апелляции) – комиссия, создаваемая уполномоченным органом в области образования, которая принимает решение по спорным вопросам при несогласии педагогов с результатами оценки знаний педагогов;

Квалификационная категория – уровень профессиональной компетентности педагога, соответствующий квалификационным требованиям согласно приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 13 июля 2009 года № 338 «Об утверждении Типовых квалификационных характеристик должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 5750) или профессиональному стандарту утвержденному приказом Министра просвещения Республики Казахстан «Об утверждении профессионального стандарта «Педагог» 15 декабря 2022 года № 500);

Комплексное аналитическое обобщение результатов деятельности – процедура оценки соответствия достижений аттестуемого уровням квалификационных требований;;

Государственная услуга – одна из форм реализации отдельных государственных функций, осуществляемых в индивидуальном порядке по обращению или без обращения услугополучателей и направленных на реализацию их прав, свобод и законных интересов, предоставление им соответствующих материальных или нематериальных благ;

Педагог - лицо, имеющее педагогическое или иное профессиональное образование по соответствующему профилю и осуществляющее профессиональную деятельность педагога по обучению и воспитанию обучающихся и (или) воспитанников, методическому сопровождению или организации образовательной деятельности;

Оценка знаний педагогов (далее – ОЗП) – процедура, проводимая в целях определения уровня профессиональной компетентности педагога, по тестам, разработанным уполномоченным органом в области образования;

Цифровой профиль педагога – электронные данные педагога, загруженные в информационной системе Национальной образовательной базы данных (далее – НОБД).

Портфолио педагога – индивидуальная папка (электронная страница), в которой представлены его личные и профессиональные достижения в образовательной деятельности, результаты обучения, воспитания и развития его обучающихся, вклад педагога в развитие системы образования.

ВВЕДЕНИЕ

На сегодняшний день процедура аттестации является одним из эффективных инструментов оценки квалификации и профессиональных навыков педагогов, результатом их многолетней деятельности.

Аттестация дает возможность обеспечить школы качественными кадрами, повысить качество образования и стимулировать педагогов к непрерывному образованию.

